ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Су сапасы
Құрамындағы сынапты анықтау
Амальгамдаумен байытуды қамтитын әдістер

Качество воды
Определение содержания ртути
Методы, включающие обогащение амальгамированием

ҚР СТ ИСО 16590 – 2007

(ISO 16590 - 2000 « Water quality — Determination of mercury — Methods involving enrichment by amalgamation, IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Су сапасы
Құрамындағы сынапты анықтау
Амальгамдаумен байытуды қамтитын әдістер

ҚР СТ ИСО 16590 – 2007

(ISO 16590 - 2000 « Water quality — Determination of mercury — Methods involving enrichment by amalgamation, IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2007 жылғы 17 тамыздағы № 470 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ИСО 16590 – 2000 «Су сапасы. Құрамындағы сынапты анықтау. Амальгамдаумен байытуды қамтитын әдістерге» қатысты бірдей стандарт болып табылады, мәтінде қосымша талаптар көлбеу қаріппен ерекшеленген.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2012 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Әдістің мәні	2
4	Реактивтер мен материалдар	3
5	Жабдық	4
6	Реактивтерді дайындау	6
7	Кедергі келтіретін әсерлер	10
8	Сынақтар жүргізу	12
9	Сынақтар хаттамасы	18
10	Нәтижелерді өлшеу дәлдігін бақылау	18
11	Қауіпсіздік техникасының талаптары	20
	А қосымшасы. Гидролиздің ультрадыбыс әдісі	21
	В қосымшасы. Гидролиздің автоклав әдісі	22
	С қосымшасы. Микротолқынды гидролиз әдісі	23
	Қосымша. Библиография	24

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Су сапасы
Құрамындағы сынапты анықтау
Амальгамдаумен байытуды қамтитын әдістер

Water quality — Determination of mercury — Methods involving enrichment by amalgamation

Енгізілген күні 2008.07.01.

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт жер асты, жер беті және ағынды сулардың құрамындағы жалпы сынапты анықтау әдістерін белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ ИСО/МЭК 17025-2001 Сынақ калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ ГОСТ Р 51592- 2003 Су. Сынамаларды іріктеуге қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 1770-74 (ИСО 1042-83, ИСО 4788-80) Өлшеуге арналған зертханалық шыны ыдыс. Цилиндрлер, өлшектер, құтылар, сынауықтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 2652-78 Калий бихроматы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 3118-77 Реактивтер. Тұз қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4204-77 Реактивтер. Күкірт қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4328-77 Реактивтер. Натрий гидроокисі. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4461-77 Реактивтер. Азот қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4517-87 Реактивтер. Талдау кезінде қолданылатын көмекші реактивтер мен ерітінділерді дайындау әдістері.

ГОСТ 5456-79 Реактивтер. Гидроксиламин гидрохлориді. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6344-73 Реактивтер. Тионесеппәр. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6709 – 72 Дистилденген су. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7298-79 Реактивтер. Күкірт-қышқыл гидроксиламині. Техникалық шарттар.

Ресми басылым

ГОСТ 10398-76 Реактивтер және ерекше таза заттар. Құрамындағы затты анықтаудың кешенді метрикалық әдісі.

ГОСТ 20015-88 Хлороформ. Техникалық шарттар.

ГОСТ 20288-74 Реактивтер. Төрт хлорлы көміртегі. Төрт хлорлы көміртек. Техникалық шарттар.

ГОСТ 22673-77 Натрий трихлорацетаты. Техникалық шарттар.

ГОСТ 24104-88 Жалпы мақсатқа арналған және үлгілік зертханалық таразылар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 27025-86 Реактивтер. Сынақтар жүргізу бойынша жалпы нұсқаулар.

ГОСТ 27567-87 Ерекше таза заттар. Калий пергаментін қалпына келтіретін заттардың қоспаларын анықтау әдісі.

ГОСТ 29227-91 Зертханалық шыны ыдыс. Градусқа бөлінген тамшуырлар. 1-бөлім. Жалпы талаптар

ГОСТ 29228 - 91 Зертханалық шыны ыдыс Градусқа бөлінген тамшуырлар. 2-бөлім. Күту уақыты белгіленбеген градусқа бөлінген тамшуырлар.

ГОСТ 29229-91 Зертханалық шыны ыдыс. Градусқа бөлінген тамшуырлар. 3-бөлім. Күту уақыты 15 с градусқа бөлінген тамшуырлар.

ГОСТ 29230-91 Зертханалық шыны ыдыс. Градусқа бөлінген тамшуырлар. 4-бөлім. Үрме тамшуырлар.

3 Әдістің мәні

Осы стандартта сынапты анықтаудың үш әдісі жазылған. Бірінші және екінші әдістер сулардағы, мысалы, ыза сулардағы жер беті немесе ағынды суларындағы концентрациясы 0,01-1мкг/дм^3 сынапты анықтауға сәйкес келеді. Аса жоғары концентрациялар су сынамасын арастырған жағдайда белгіленеді.

Суда сынаптың жалпы болуы үлгіні гидролиздегеннен кейін анықталады. Егер анықтауға еритін сынап қосындылары ғана жататын болса, гидролиздер алдында сынама мембраналық сүзгі арқылы (0,45мкм) сүзіледі.

Бір және екі валентті сынап қалпына келтіргішпен, мысалы, қалайы хлоридімен (II), $SnCl_2$ немесе натрий тетрагидроборатымен, $NaBH_4$, қышқыл ортада қарапайым нысанға дейін қалпына келтіріледі. Содан кейін қарапайым сынапты ерітіндіден құрамында сынабы ең аз инертті газ ағыны көмегімен десорбциялайды және ауданы үлкен асыл металдың бетіне, мысалы, сынап адсорбцияланатын алтын/платина торға ауыстырылады. Сынап адсорбент тез қызған кезде бөлінеді және бұдан әрі газ-жеткізгіш ағынымен сәйкесті астаушаға ауыстырылады. Оптикалық тығыздық атомдық-абсорбциялық спектрометрдің сәуле бөлу сәулесінде толқынның

ұзындығы 253,7 нм болғанда өлшенеді. Концентрциялар градусқа бөлінген кестені қолдану арқылы есептеледі.

Сынаптың барлық қосылыстарын толық ыдырату үшін гидролиз процедурасы талап етіледі. Гидролизді сынап концентрациясын ұқсас алдын ала өндеусіз анықтауға болатыны белгілі болса, сонда ғана өндіруге болады.

Осы стандартқа сәйкес жасалған талдауларды арнайы даярланған қызметкерлердің орындағаны өте маңызды.

Табиғи су көздерінде сынап қосылыстары әдетте өте аз концентрациялармен - 0,1мкг/дм^3 кем концентрациямен кездеседі. Өте жоғары концентрацияларды, мысалы, ағын суларда кездестіруге болады. Бейорганикалық та, органикалық та сынап қосылыстары болуы мүмкін. Сынап тұнғыларда және қоқыстарға жиналады.

Үшінші әдіс – дитизонмен фотометрикалық анықтау.

Сынап иондары қышқыл ортада (pH 2-3) суда ерімейтін сынап дитизонатын $Hg(HDz)_2$ түзеді. Анықтама хлороформмен шайғындағаннан кейін түзілген қызғылт $Hg(HDz)_2$ және қалдық жасыл дитизон H_2Dz фотометриясына негізделген. Ерімейтін немесе кешенді сынап қосылыстарын, сондай-ақ металл сынапты табу үшін анықтауды қышқылдап минералдаудан кейін жүргізу керек. Әдіс араластырмай немесе концентрацияламай 0,025-тен 1,0мг/дм^3 Hg^{2+} дейінгі аралықта қышқылдап минералдағаннан кейін жер үсті және ағынды сулары үшін қолданылады. 250см^3 сынаманы өңдегеннен кейін 1дм^3 –де 0,01 мг анықтауға болады.

4 Реактивтер мен материалдар

Талдау кезінде «т.ү.т.» квалификациялы реактивтерді немесе құрамында сынабы өте аз реактивтерді пайдалану керек. Суда және реактивтерде сынаптың болуы аналиттің (талдау кезінде анықталатын заттың) ең аз концентрациясымен салыстырғанда өте аз болуға тиіс.

4.1 Дистилл су. ГОСТ 6709-72;

4.2 Бидистилденген су ГОСТ 4517 бойынша;

4.3 Азот қышқылы, *с* (HNO_3)=1,40г/см^3, т.ү.т.;

4.4 Күкірт қышқылы, *с* (H_2SO_4)=1,84г/см^3, т.ү.т.;

4.5 Тұз қышқылы, *с* (HC1)=1,19г/см^3, т.ү.т.;

4.6 Калий перманганаті, т.ү.т.

4.7 Калий бихроматы, $K_2Cr_2O_7$, т.ү.т.

4.8 Калий пероксодисульфаты, $K_2S_2O_8$, т.ү.т.

4.9 Тұз-қышқыл гидроксиламині, H_2NOH-HCI т.ү.т.

4.10 Қалайы хлориді, $SnCI_2 \cdot 2H_2O$ т.ү.т.

4.11 Сынап оксиді, HgO т.ү.т.

4.12 Натрий гидроксиді, т.ү.т.

4.13 Магний перхлораты, $Mg(CIO_4)_2$, т.ү.т. ірі түйіршікті

4.14 Натрий тетрагидробораты, т.ү.т.
4.15 Темір нитраты (III), $Fe(NO_3)_3 \cdot 9H_2O$, т.ү.т.
4.16 Натрий сульфиді $Na_2S \cdot 9H_2O$
4.17 Күкірт-қышқыл гидроксиламині $(NH_2OH)_2 \cdot H_2SO_4$ т.ү.т.
4.18 Несепнәр NH_2CONH_2 т.ү.т.
4.19 Натрий ацетаты $CH_3COONa \cdot 3H_2O$ т.ү.т.
4.20 Комплексон III, 0,1 М ерітінді
4.21 Дитизон, $C_{13}H_{12}N_4S$ т.ү.т
4.22 Төртхлорлы көміртек т.ү.т.
4.23 Сынап хлориді $HgCl_2$ т.ү.т.
4.24 Хлороформ, т.ү.т.

5 Жабдық

Пайдаланар алдында барлық шыны ыдысты араласқан азот қышқылымен жуып алады (6.20), содан кейін сумен бірнеше рет шаяды.

5.1 Градусталған тамшуырлар ГОСТ 29169, ГОСТ 29227, ГОСТ 29228, ГОСТ 29229, ГОСТ 29230 бойынша;

5.2 Зертханалық шыны ыдыс - цилиндрлер, өлшектер, құтылар, сынауықтар ГОСТ 1770 бойынша;

5.3 Фотометр, толқынының ұзындығы (490 – 610) нм қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша;

5.4 Қабатының қалыңдығы 1 және 2 см астаушалар;

5.5 Айдауға арналған ыдыс: сыйымдылығы 500см^3 екі ауызды құты, тоңазытқыш және сыйымдылығы 100см^3 тамшылық құйғы;

5.6 Сыйымдылығы 250см^3 бөлгіш құйғы;

5.7 Рұқсат етілетін абсолют қателігі ±0,001г ең үлкен аралықтағы арнайы дәлдік сыныпты зертханалық таразы;

5.8 ауқымы 1,0-ден 14 pH бірлігіне дейін pH-метр;

5.9 СОПпр-2а-2-010, секундомер, шкала сиымдылығы 30 мин, 60 с;

5.10 ГОСТ 13646 бойынша сынапты шыны термометр;

5.11 сынама іріктегіш;

5.12 су моншасы.

5.13 Атомдық-абсорбциялық спектрометр (ААС), мониторингтің (бақылау) тиісті жүйесімен;

5.14 сынапты анықтау үшін сәуле шашу көзі, мысалы, поло-катодты немесе электродсыз разрядты шам;

5.15 құрамында мыналар:

- шыны немесе кварц түтікті білдіретін, ішкі диаметрі 2 см, ұзындығы 15 см кем емес (ААС түріне байланысты) сіңіретін ұяшық және кварц саңылаулары;

- қуаттылығы 1-2дм^3/мин, пластик түтіктері бар (жабық жүйе) ауа

айдайтын сорғы (мысалы жарғақты сорғы, шлангтық сорғы);

- редукциялық клапанмен жабдықталған инертті газдың (мысалы, азоттың немесе аргонның) баллоны;
- пластик түтіктері бар шығын өлшегіш;
- сыйымдылығы 100, 250 немесе 1000см^3 құтыны білдіретін, 1-суретте көрсетілгендей түбі жалпақ, тығыздалған шыны тығыны және шыны қорытпалы жуып-шаятын ыдысы бар реакциялық ыдыс;
- сіңіретін ұяшыққа арналған қыздыру аспабы,
- қыздыру элементі бар және асыл металдан алынған адсорбенті бар (мысалы, алтын/платина тор) кварц түтік;
- сыйымдылығы 100см^3, алдын ала сақтандыру клапаны бар газ-жуып-шаю құтысы;
- үш тарапты ысырма;
- ылғал сіңіруге арналған түтік.

Жабық жүйенің үлгісі 1-суретте көрсетілген.

Ескертпе – Сорғылар мен түтіктерге арналған пластик материалды таңдау кезінде сақтық шараларын қолдану керек. Үздіксіз ағынды жүйеге немесе ағынды-инъекциялық жүйеге рұқсат етіледі. Пайдаланушыға өндіруші берген нұсқауларды басшылыққа алу ұсынылады.



1- ауа-айдау сорғысы, қуаттылығы 1 – 2 дм^3/мин; 2- шығынөлшегіш; 3- үш тарапты ысырма; 4- сіңіретін ұяшық: ішкі диаметрі 2см, ұзындығы 15см; 5- алтын/платина тор; 6- сақтандыру клапаны; 7- тығыздалған шыны тығын; 8- реакциялық ыдыс , 100, 250 немесе 1000см^3 ; 9- $SnCl_2$ в H_2SO_4; 10- инертті газ; 11 қыздыру аспабы

1-сурет.

Қалайы хлоридімен (II) қалпына келтіргеннен кейін және амальгамдаумен байытқаннан кейін сынапты анықтауға арналған жабдық (жабық жүйе)

2-суретте 2-әдісте пайдаланылған жабдықтың үлгісі берілген.



1 Шығынөлшегіш; 2-$NaBH_4$ ерітіндісі; 3-Сақтандыру клапаны; 4-Ылғал сіңіргіш; 5-Сіңіретін ұяшық: ішкі диаметрі 2см, ұзындығы 15см; 6-Алтын/платина тор; 7-Инертті газға арналған кіргізу клапаны 1; 8-Инертті газға арналған кіргізу клапаны 2; 9-Реакциялық құты, 100 немесе 250$см^3$; 10-Қыздыру аспабы

Ескертпелер

1 Осы әдісті пайдалану кезінде H_2 көп мөлшері бөлінеді. Шайғындау аспабын пайдалану ұсынылады.

2 Аппаратураны, ұқсас метрологиялық немесе одан жақсы сипаттамалары бар өлшегіш құтыны пайдалануға рұқсат етіледі.

2-сурет.

Натрий тетрагидроборатымен қалпына келтіргеннен кейін және амальгамдаумен байытқаннан кейін сынапты анықтауға арналған жабдық (ашық жүйе)

6 Реактивтерді дайындау

Ерітінділерді дайындау кезінде ГОСТ 4517, ГОСТ 25794.2 талаптарын сақтау керек.

6.1 Калий перманганатының ерітіндісі

Калий перманганатының, $KMnO_4$, 50 г 1000$см^3$ суға ерітеді.

6.2 Тұрақтандырғыштың ерітіндісі

Калий бихроматының, $K_2Cr_2O_7$, 5 г-мын 500$см^3$ азот қышқылында (4.3) ерітеді де, көлемін сумен 1000$см^3$ дейін жеткізеді.

6.3 Калий пероксодисульфатының ерітіндісі

Калий пероксодисульфатының, $K_2S_2O_8$, 40 г-мын 1000$см^3$ суға ерітеді.

6.4 Тұз қышқылы гидроксиламинының ерітіндісі

Тұз қышқылы гидроксиламинының, H_2NOH-HCI, 10г-мын 1000см^3 суға ерітеді.

6.5 Қалайы хлоридінің (II) ерітіндісі

Қалайы хлоридінің (II), $SnCI_2 \cdot 2H_2O$, 5 г-мын 30см^3 тұз қышқылына (4.5) ерітеді де, көлемін сумен 100см^3 дейін жеткізеді. Ағынды жүйелерде өте төмен концентрациялы ерітіндіні, мысалы, 0,5г в 100см^3 пайдалануға болады. Осындай ерітіндіні (концентрациясы өте төмен) сол күні аса концентрациялы ерітіндіден, оны сумен араласатыра отырып, жаңадан дайындайды.

Егер бақылау сынамасы үшін өте жоғары нәтиже алынса, 30 минуттың ішінде сынап қалдықтарын жою үшін азотты осы ерітінді арқылы өткізеді.

6.6 Күкірт қышқылы, 2н ерітінді.

H_2SO_4 т.ұ.т. (тығыздығы 1,84) 56 см^3 бидистиллятпен 1дм^3 дейін араластырады. Ерітіндіні дитизиннің жұмыс ерітіндісінің шағын мөлшерімен дитизин ерітіндісі жасыл болғанша шайқайды. Дитизиннің қалдық мөлшерін хлороформмен шайғындайды.

6.7 Күкіртқышқыл гидроксиламині, 10% ерітінді.

$(NH_2OH)_2 \cdot H_2SO_4$ т.ұ.т. 10г –мын 90см^3 бидистиллятта ерітеді. Ерітіндіні дитизонмен H_2SO_4 2н ерітіндісі сияқты тазартады.

6.8 Натрий ацетаты, 1моль/дм^3 ерітінді.

$CH_3COONa \cdot 3H_2O$ т.ұ.т. 136г-мын бидистиллятта ерітеді де, көлемін 1дм^3 дейін жеткізеді. Ерітіндіні дитизонмен H_2SO_4 2н ерітіндісі сияқты тазартады.

6.9 Комплексон III, 0,1моль/дм^3 ерітінді.

Этилендиаминотетрасірке қышқылының екінатрий тұзының Na_2H_2 ($C_{10}H_{12}O_8N_2$) 37,2 г-мын ерітеді де, көлемін бидистиллятпен 1дм^3 дейін жеткізеді.

6.10 Дитизон.

Негізгі ерітінді. Дитизоннің $C_{13}H_{12}N_4S$ т.ұ.т. 0,1 г-мын сыйымдылығы 200см^3 бөлгіш құйғыға салады да, 150 см^3 төртхлорлы көміртегіде т.ұ.т. ерітеді (10 мин бойы шайқағаннан кейін реактивтің барлығына дерлік ериді). Күңгірт-жасыл ерітіндіні сыйымдылығы 500 см3 бөлгіш құйғыға сүзеді де, қайтадан 0,1н аммиак ерітіндісінің 100 см^3 –мен шайқайды. Су фазасында сары алғышқы аммонийдитизонат түрінде дитизин болады, органикалық фаза дитизинде бар қоспа есебінен сары немесе қызғылт түске боялады. Алынған су шайғынын 200см^3 төртхлорлы көміртекпен араластырады, содан кейін H_2SO_4 екіқалыпты ерітіндісінің 10 – 15 см^3 еркін дитизиннің жасыл реңкі пайда болғанға дейін қышқылдатады. Ерітіндіні босаған дитизон толығымен органикалық фазаға өткенше ырғақпен шайқайды. Осы операцияны 0,1 н аммиак ерітіндісімен шайқағаннан кейін органикалық фаза түссіз болғанша қайталайды. Дитизонаттың аммиак ерітіндісін төртхлорлы көміртегіден мұқият бөліп алады, жаңа жіберілген

200см3 хлороформды қосады, 15 см^3 H_2SO_4 2н ерітіндісін қышқылдатады да, дитизон хлороформ фазасына өтіп біткенше қатты шайқайды. Осылайша тазартылған дитизонның негізгі ерітіндісін 100см^3 бидистиллятпен жуып-шаяды, күңгірт түсті бөтелкеге ауыстырып құяды және 10см^3 бидистиллятты және 1см^3 H_2SO_4 2н ерітіндісін қосады. Ерітінді суықта және қараңғыда шамамен 6 ай сақталады. Аликвот бөлшектері қажет жағдайда жаңадан тазартыла алады.

Жұмыс ерітіндісі. Дитизонның 1см^3 тазартылған негізгі ерітіндісін оның концентрациясына сәйкес қабатының қалыңдығы 1см астаушада таза хлороформға қатынасы бойынша өлшенген толқын ұзындығы 610нм болғанда оның оптикалық тығыздығы 0,450± 0,01 құрауы үшін жіберілген хлороформмен араластырады. Жаңа жасалған ерітіндіні күн сайын дайындайды. Ерітіндінің концентрациясы шамамен 10 мкг/см^3.

6.11 Сынаптың стандартты ерітінділері (7.3 бойынша анықтау үшін)

Негізгі ерітінді. 0,1353г $HgCl_2$-ге т.ү.т. 30см^3 концентратталған H_2SO_4 қосады және көлемін бидистиллятпен 1дм^3 дейін жеткізеді. 1см^3 ерітіндіде 0,100мг Hg^{2+} болады.

Жұмыс ерітіндісі. 10,0см^3 негізгі ерітіндіні пайдаланар алдында 3см^3 концентратталған H_2SO_4 қосады және көлемін бидистиллятпен 1дм^3 дейін жеткізеді. 1 см^3 ерітіндіде 0,001мг Hg^{2+} болады.

Калибрлеу қисығы. 0,00; 0,025; 0,05; 0,1; 0,2; 0,4; 0,6; 0,8; 0,0; 0,5; 1,0; 2,0; 4,0; 8,0; 12,0; 16,0; 1,0мг/дм^3 Hg^{2+} сәйкесті бар сынаптың 20,0см^3 жұмыс ерітіндісін іріктеп алады да, көлемін бидистиллятпен 20 дм^3 дейін жеткізеді және минерализацияланған сынама сияқты өңдейді.

6.12 Сынаптың бастапқы ерітіндісі I, (Hg)=100мг/дм^3.

108,0мг сынап оксидін (II), HgO, 10см^3 ерітінді-тұрақтандырғышта ерітеді және 1000см^3 дейін сумен араластырады. 1см^3 осы ерітінді 0,1 мг сынапқа сәйкес келеді.

Сынаптың бастапқы ерітіндісін I сынаптың стандартты үлгісінен дайындауға болады. Ерітінді шамамен бір ай тұрақты болып қалады.

6.13 Сынаптың бастапқы ерітіндісі II, (Hg)=1мг/дм^3.

10см^3 тұрақтандырғыш ерітіндісін 10см^3 бастыпқы сынап ерітіндісіне I қосады да, сумен 1000см^3 дейін араластырады. Осы ерітіндінің 1см^3 1мкг сынапқа сәйкес келеді. Ерітінді шамамен бір апта тұрақты болып қалады.

6.14 Сынаптың стандартты ерітіндісі I, (Hg)=100 мкг/дм^3.

10см^3 тұрақтандырғыш ерітіндісін 100см^3 сынаптың бастапқы ерітіндісіне II қосады да, сумен 1000см^3 дейін жеткізді. Осы ерітіндінің 1см^3 100мкг сынапқа сәйкес келеді.

Ерітіндіні оны пайдаланатын күні дайындайды.

6.15 Сынаптың стандартты ерітіндісі II, с (Hg)=10мкг/дм^3.

Судың көмегімен 1см^3 тұрақтандырғыш ерітіндісінің көлемін және 10см^3 стандартты ерітіндінің I көлемін 100см^3 дейін жеткізеді. Осындай ерітіндінің 1см^3 10 мкг сынапқа сәйкес келеді. Ерітінді тек шағын уақыт аралығы ішінде ғана тұрақты және тікелей қолданар алдында дайындалуға тиіс.

6.16 Сынаптың стандартты ерітіндісі III, (Hg)=1мкг/дм^3.

Судың көмегімен 1см^3 тұрақтандырғыш ерітіндісінің көлемін және 10см^3 стандартты ерітіндінің II көлемін 100см^3 дейін жеткізеді. Осындай ерітіндінің 1см^3 1мкг сынапқа сәйкес келеді. Ерітінді тікелей қолданар алдында дайындалуға тиіс.

6.17 Сынаптың калибрлеу ерітінділері

Калибрлеу ерітінділерін талданатын ерітінділердің көлеміне сәйкес және олардағы сынаптың күтілетін концентрациясына сәйкес дайындайды.

Мысалы, 0,01-0,1мкг/дм^3 аралығындағы концентрациялар үшін мынадай жұмыстар орындалады:

- сыйымдылығы 100см^3 өлшегіш құтылардан әрқайсысына сынаптың III стандартты ерітіндісінен сәйкесті 1,0см^3, 2,0см^3, 4,0см^3, 6,0см^3, 8,0 және 10,0см^3 –нан тамшуырмен өлшеп алады;
- әрбір құтыға 1см^3 тұрақтандырғыш ерітіндіден қосады;
- әрбір құтыны сумен таңбаға дейін толтырады да, мұқият араластырады.

Осы калибрлеу ерітінділерінде сәйкес 0,01мкг/дм^3, 0,02мкг/дм^3, 0,04мкг/дм^3, 0,06мкг/дм^3, 0,08мкг/дм^3 және 0,1мкг/дм^3 сынап болады. Оларды тікелей әрбір өлшем сериясы алдында дайындайды.

0,1-1мкг/дм^3 аралығындағы концентрациялар үшін II сынаптың стандартты ерітіндісін пайдалана отырып, сол операцияларды орындайды. Осы жағдайда эталон ерітінділерде сәйкестігімен 0,1мкг/дм^3, 0,2мкг/дм^3, 0,4мкг/дм^3, 0,6мкг/дм^3, 0,8мкг/дм^3 және 1мкг/дм^3 сынап болады. Егер салыстырмалы түрде талданатын ерітінділердің үлкен көлемдері пайдаланылатын болса, онда эталон ерітінділердің көлемдері және, сәйкестігімен, қосылатын стандартты ерітінділердің саны ұлғаяды. Ерітінділерді тікелей әрбір өлшем сериясы алдында дайындайды.

Егер калибрлеу өлшемдері қайта жасалатын болса, ерітінділердің басқа жинағын дайындайды.

6.18 Бақылау сынамасының ерітіндісі

Көлем 1000см^3 жеткенше, 10см^3 ерітінді-тұрақтандырғышты сумен араластыра отырып, талданатын ерітіндінің көлеміне сәйкес келетін бақылау ерітіндісінің көлемін дайындайды. Сынамаға арналған сияқты гидролиздің осындай процедурасын қолданады (7.1.1 қараңыз). Бақылау сынамасы бар процедура талдаудың әрбір сериясына қосылуға тиіс.

6.19 Газ-жуып-шаю ерітіндісі

2,5г қалайы хлоридін (II), $SnCl_2 \cdot 2H_2O$, және 7,5см^3 күкірт қышқылын

аз ғана суға ерітеді де, 50см^3 дейін сумен араластырады.

6.20 Шыны ыдысқа арналған жуып-шаю ерітіндісі

150см^3 азот қышқылын сумен 1000см^3 дейін араластырады.

6.21 Газ-жуып-шаю ерітіндісі I: натрий гидроксиді ерітіндісі

10г NaOH -ын100см^3 суға ерітеді.

6.22 Газ-жуып-шаю ерітіндісі II: су, 4.2 сәйкес.

6.23 Ылғал сіңіргіш: магний перхлораты, $Mg(ClO_4)_2$, ірі түйіршікті

6.24 Натрий тетрагидроборатының ерітіндісі

Аз ғана суға 3 г натрий тетрагидроборатын, $NaBH_4$, және 1 г натрий гидроксидін NaOH араластырады. Көлемін дейін 100 см^3 жеткізеді және қағаз сүзгіден өткізеді.

Ерітінді бірнеше күн ішінде ғана тұрақты.

Ағынды жүйелерде аз концентрацияға рұқсат етіледі, мысалы, 100см^3 суға 0,02 г натрий тетрагидроборатын және 0,03г натрий гидроксиды рұқсат етіледі.

Ерітіндіні пайдаланатын күні дайындау қажет.

6.25 Темірдің буфер ерітіндісі (III)

Суға 14 г темір нитратін (III), $Fe(NO_3)_3 \cdot 9H_2O$, араластырады және көлемін сумен 100см^3 дейін жеткізеді.

Ағынды жүйелер үшін ең аз концентрацияға рұқсат етіледі.

Жаңа ерітіндіні күн сайын дайындайды.

7 Кедергі келтіретін әсерлер

Сынапппен жұмыс істеу барысында реакциялық ыдыстың қабырғаларында ауыстыру реакциясы, атап айтқанда абсорбция және десорбциялау болады деген қауіп бар. Сондықтан шығынды шектеу мақсатында, мысалы, ыдыс қабырғаларындағы адсорбция себебінен 10см^3 тұрақтандырғыш ерітіндісін қосады да, көлемін 1000 см^3 дейін сынамамен жеткізеді.

Сынамада pH=1 болуға және бихроматтың артықшылығы туралы білдіретін қызғылт-сары реңді көрсетуге тиіс.

Егер осы жағдайларға қол жеткізілмесе, тағы тұрақтандырғышты қосады және көлемді түзететін сәйкесті коэффициентті есепке қосады.

Сынап булары әр түрлі пластик материалдар арқылы өтеді. Осының салдарынан құбырлар материалын таңдауға ерекше назар аудару керек. Шыны немесе арнайы пластмасса түтіктерді, мысалы, FEP (FEP - перфтороэтенгексафторопропен сополимері) түтіктерін пайдалануға болады. Мысалы, силикон түтіктерді пайдалануға болмайды.

Ұшпа органикалық заттар ультракүлгін ауқымда абсорбциялана алады және қателікпен сынап деп қабылдануы мүмкін. Көптеген жағдайларда оларды ерітінді толығымен қызыл түске боялғаншы калий пергаментін қоса

отырып, бұзады және 10 минут инертті газмен үрлей отырып жояды; бұл сынап қосылыстарын қалпына келтірер алдында жасалады. Көбіне спецификациялық емес абсорбцияның осындай әсері фондық өтеу жүйесін пайдалана отырып жоюға болады.

Барлық ерітінділер қалпына келтірер алдында және сынап буларын десорбциялар алдында бірдей температураға (20°С) дейін жеткізілуге тиіс. астауша терезелеріндегі су конденсациясын, егер астаушаны инфрақызыл шаммен қыздырса, болдырмауға болады.

Матрицада басқа элементтердің болуы салдарынан орын болатын интерференция қалпына келтіргішті таңдауға байланысты. Егер элементтердің концентрациясы 1-кестеде берілген мәндерден асатын болса, бұл өте төмен нәтижелерге әкелуі мүмкін.

Егер натрий тетрагидроборатын емес, қалайы хлоридін (II) пайдаланатын болса, ауыр металдардан аз интерференция туындайды. Ағынды жүйелер пайдаланылған кезде, ауыр металдар интерференциясының әсері 1-кестеге қарағанда аз болуы мүмкін.

Қалайы хлориді (II) жабдықты қалайымен өте қатты ластағаны сондай, егер осыдан кейін натрий тетрагидроборатын пайдаланатын болса, едәуір интерференция болады. Осының себебінен қалайы хлоридімен (II) және натрий тетрагидроборатымен қалпына келтіру процедуралары үшін жеке жүйелер пайдаланылады.

1-кесте – Талданатын ерітіндідегі кейбір матрицалық элементтердің рұқсат етілетін концентрациялары

Қалпына келтіргіш	**$NaBH_4$**	**$NaBH_4$**	**$SnCl_2$**
Орта	0,5 моль/дм^3 HCl	0,5 моль/дм^3 HCl +	0,5 моль/дм^3 HCl
Элемент	Рұқсат етілетін концентрация (мг/дм^3)		
Cu (II)	10	10	500
Ni(II)	1	500	500
Ag(I)	0,1	10	1
I$^-$	100	10	0,1
As(V)	0,5	0,5	0,5
Bi (III)	0,05	0,5	0,5
Sb(III)	0,5	0,5	0,5
Se (IV)	0,005	0,05	0,05

Талданатын ерітіндіде бар концентрациядағы никель > 1мг/дм^3 және концентрациядағы күміс > 0,1мг/дм^3, әрқашан сынапты анықтау процедурасына кедергі жасайды. 1:1 тұз қышқылы [сумен 1000 см^3 көлемге дейін араластырылған, 500см^3 тұз қышқылымен концентрацияланған (4.5)] және темір ерітіндісі (III) болғанда, 500мг/ дм^3 дейінгі концентрациядағы никель және 10мг/ дм^3 дейінгі концентрациядағы күміс интерференция

тудырмайды.

Асыл металл адсорбентін интерференцияны болдырмас үшін, қарсы жағдайда натрий тетрагидроборатымен бірге ұшпа гидридтерді түзетін As, Sb және Se сияқты элементтерден пайда болуы мүмкін, < 100°С дейін салқындату қажет.

Металл иондары (мысалы, мыстың (II), мырыштың, күмістің, алтынның және палладианың) толқын ұзындығы 490 нм болғанда ең үлкен жарық сіңіретіні бар дитизонаттарды түзеді. Мыс пен мырыш иондары (II) 1-3 см^3 0,1моль/дм^3 комплексон ерітіндісін қосу арқылы байланыстырады, күміс иондары минералдау алдында AgCl түрінде тұнбаға шөгеді. Алтын мен палладий иондарының болуы, әдетте назарға алынбайды.

Анықтауға тиосульфат және иодид-иондары, сондай-ақ кез келген концентрациядағы иондары S^2 кедергі жасайды. Үлкен концентрациядағы аниондар кешендерді (0,2моль/дм^3 Cl^-, 0,01моль/дм^3 Br^-, CN^-, SCN^-) түзеді. Аталған аниондарды минералдаумен жояды. Нитриттердің кедергі келтіретін әсері несеппәрмен жойылады.

Күкіртқышқыл гидроксиоламинді қосу арқылы ең аз қышқылдау дитизонды дифенилтиокарбодиазонға айналдыратын болғандықтан, суда және минералдау өнімінде бар қышқылдатқыштарды қалпына келтіреді. Булану процесінде сынаптың жойылуының алдын алу үшін тез ұшатын иондарды Hg^{2+} сілтілі ортада натрий сульфидімен әсер ете отырып, тұрақты иондарға $[HgS_2]^{2-}$ ауыстырады.

8 Сынақтар жүргізу

Су сынамаларын іріктеу, тасымалдау және сақтауға дайындау ҚР СТ ГОСТ Р 51592 сәйкес жүргізеді.

8.1 Қалайы хлоридімен (II) қалпына келтіргеннен кейін және амальгамдаумен байытқаннан кейін сынаптың болуын анықтау

Әдіс 0,01-ден 1мкг/дм^3 дейінгі концентрациялардағы сынаптың болуын анықтау үшін қолданылады. Ең жоғарғы концентрациялар, егер сынаманы сумен араластырса, анықталуы да мүмкін.

8.1.1 Сынамаларды алдын ала дайындау

Перманганатты және пероксидисульфатты пайдалана отырып, сынаманы дайындаудың гидролиз әдісі.

Төменде сипатталған ылғал химиялық гидролиз процедурасын жасаған дұрыс. Альтернатива ретінде А-С қосымшаларында берілген гидролиз әдістерінің бірін пайдалануға болады. Соңғы жағдайда, бірақ әдістің тиімділігін ылғал химиялық әдісімен салыстыра тексеру керек.

Судың 100см^3 тұрақтандырылған сынамасын немесе сынаманың талап

етілетін көлемін (ең жоғары 1000см^3) құтыға салады.

Калий перманганатының 15см^3 ерітіндісін, 1см^3 азот қышқылын (4.3) және 1см^3 күкірт қышқылын (4.4) абайлап қосады.

Қоспаны әрбір қосқаннан кейін мұқият сілкілейді.

Ерітіндіні 15 минут тұндырып қояды, содан кейін калий пероксодисульфатының 10см^3 ерітіндісін қосады.

Екі сағатқа қыздыру аспабы үстіндегі тығыз жабылмаған құтыға немесе температурасы 95°С су моншасына салады.

Гидролиз уақытында калий перманганатының артық болуын қамтамасыз етеді. Олай болмаған жағдайда, қосылатын калий перманганатының мөлшерін ұлғайтады немесе сынаманың аз көлемінен бастайды.

Ерітіндіні бөлме температурасына дейін салқындатады.

Сынаманың әр түрлі көлемдерін, сәйкестігімен, реактивтердің, гидролизатың әр түрлі көлемдерін пайдалану кезінде берілген көлемге дейін араластырады.

Гидролизатты сол күні сынақтан өткізеді.

Ұқсас тәсілмен су сынамасының орнына тұрақтандырғыш ерітіндісімен бірге (5.2) судың тиісті көлемін (4.2) пайдалана отырып, бақылау сынамасының (5.18) ерітіндісін дайындайды.

Перманганат түссіздену проблемасын тудыра алады. Бұл жағдайда құрамында органикалық заттарың болуы төмен болса, не гидролиздің басқа әдісі қолданылса, (А-С қосымшаларын қараңыз) перманганат концентрациясы азаяды.

8.1.2 Өлшеу процедурасына дайындық

Өлшеу процедурасын бастамас бұрын өндіруші нұсқауларына сәйкес аспаптар параметрлері белгіленеді және сіңіретін ұяшықты реттейді.

Егер гидролизат 7.1.1 тармағы бойынша дайындалса, тікелей өлшер алдында гидролизаттың барлық ерітіндісіне 5см^3 тұзқышқылы гидроксиламині ерітіндісін (немесе егер қажет болса, артығырақ) қосады. Әдетте артық қышқылдатқыштарды түсіру үшін және маргенецтің тұнған диоксидін еріту үшін тұз қышқылы гидроксиламинінің 5см^3 ерітіндісі жеткілікті. Егер ерітінді 30 минут өткен соң мөлдір болмаса, тағы да тұз қышқылы гидроксиламинін қосады.

Талдау үшін сынаманың аликвот бөлігі алынған жағдайда, бірінші сынама ерітіндісін берілген көлемге дейін, мысалы, 200см^3 дейін жеткізеді.

Талданатын ерітіндіні (гидролизат немесе сынаманың аликвот бөлігі) реакциялық ыдысқа салады және аналитикалық жабдыққа қосады.

Талданатын ерітіндінің 100см^3 –на (немесе одан аз) қалайы хлоридінің (II) 2см^3 ерітіндісін қосады (5.5).

Егер қалпына келтіргішті қолмен қосуға тура келсе, реакциялық ыдысты жабдыққа қалайы хлориді ерітіндісін (II) қосқаннан кейін бірден

қосады.

Талданатын ерітінділердің көлемдері үлкен болған жағдайда (1000см^3 дейін қоса), қалпына келтіргіштің көлемін ең көп дегенде 5см^3 дейін арттырады.

Ауа-айдау сорғысымен жабық жүйеде: реакциялық ыдыс арқылы және асыл металл абсорбенті арқылы инертті газды 1-2дм^3/мин жылдамдықпен өткізеді. Адсорбцияны аяқтағаннан кейін сорғыны ажыратады да, үш тарапты ысырманы ашады.

Ашық жүйеде: су сынамасын құрамында сынабы аз инертті газ ағынында десорбциялайды.

Адсорбентті 600°С дейін тез қыздыру арқылы абсорбцияланған сынапты шығарады.

Сынап буларын талданатын ерітіндіден тіке сіңіру ұяшығына өтпеуге тиіс, мысалы, 75см^3/мин жылдамдықпен ағып жатқан инертті газ ағынына орналастырады және ұшар шың биіктігін не, дұрысы, ұшар шың ауданын өлшейді.

Калибрлеу ерітінділерінің (5.17) және бақылау сынамасының (5.18) оптикалық тығыздығын су сынамасындағы сияқты тәсілмен өлшейді.

8.1.3 Стандартты калибрлеу әдісін пайдалану арқылы талдау

Осындай талдау үшін қисық түзетуді (градусталған кестені) дайындайды:

Сынаптың калибрлеу ерітінділерін 5.17 бойынша дайындайды.

Калибрлеу және бақылау ерітінділерінің оптикалық тығыздығын 7.1.2 тармақшасында сипатталғандай өлшейді.

Алынған нәтижелер сериясынан сызықтық калибрлеу сызығына сәйкес келетін теңдеуді анықтайды.

8.1.4 Калибрлеу әдісін пайдалану арқылы стандартты қоспалармен талдау

Егер стандартты калибрлеу әдісі нақты дәл нәтижелер, мысалы негізгі құрамалардың әсерінен бермесе, қателіктерді жинақтау болмаған, ал кестеде шығатын су сынамаларының оптикалық тығыздығы сызықтық жұмыс ауқымында болған жағдайда, яғни нәтижелер қисық түзетулердің сызықтық телімі ішінде болатын жағдайда стандартты қоспалар әдісін қолдану керек. Қосылған сынаптың концентрациясы сынамадағы сынаптың күтілген мөлшеріне сәйкес келуге тиіс. Үлгі үшін (көлемі 50см^3 және сынаптың күтілетін концентрациясы 1мкг/дм^3 үшін) мынадай әрекеттер орындалады.

Сыйымдылығы 100см^3 төрт реакциялық құтылардың біріне талданатын ерітіндіден 50см^3 –нан салады.

Осы құтылардың үшеуіне сынаптың стандарттың ерітіндісінің II 0,5см^3, 1,0см^3 немесе 1,5см^3 сәйкестікпен қосады. Қисыққа тасталатын тастандылар сәйкестігімен тең, 0,1, 0,2 и 0,3мкг/м^3.

Әрбір төрт құтының ішіндегі сынап концентрациясын 7.1.2 бойынша

өлшейді.

Бақылау сынамасы ерітіндісі үшін талданатын ерітіндіге сияқты процедураны орындайды.

8.1.5 Есептер

- Түзету қисығын қолдану арқылы жасалған есептер

Мынадай теңдеуді пайдалана отырып, сынап концентрациясын есептейді:

$$C = \frac{(A - A_0) \times V_m}{b \times V_p} \qquad (1)$$

мұнда C - сынамадағы сынап концентрациясы, дм^3-ге микрограммен;

A - су сынамасының оптикалық тығыздығы немесе интеграцияланған тығыздығы;

A_0 - бақылау реактиві ерітіндісінің оптикалық тығыздығы немесе интеграцияланған тығыздығы;

b - түзету қисығының бұрыштық коэффициенті (сезімталдық шегі), микрограмға дм^3 -мен;

V_p - талданатын ерітіндіні дайындау үшін пайдаланылатын сынама көлемі, см^3-мен;

V_m - талданатын ерітіндінің көлемі, см^3.

- Стандартты қоспалар әдісін қолдану арқылы жасалған есептер

Су сынамасының табылған оптикалық тығыздығын және калибрлеу ерітінділерінің, соның ішінде сынаманың (графикте шығып тұрған сынаптың көп мөлшері бар стандартты ерітінділермен сынаманы сыза отырып) калибрлеу сызығын дайындайды.

Талданатын ерітіндідегі сынап концентрациясын калибрлеу сызығын нөлдік оптикалық тығыздыққа экстраполяциялау жолымен анықтайды. Осылайша бақылау реактиві ерітіндісінде сынап концентрациясын анықтайды және осы мәнді талданатын ерітінді үшін алынған шамадан есептеп шығарады.

Сынап концентрациясын сызықтық регрессия әдісін пайдалана отырып, есептеуге болады.

Осы есептерде кез келген қосымша араластыру процедурасын қолдануға тура келеді.

8.1.6 Нәтижелерді өңдеу

0,01мкг/дм^3 дейін дөңгелектей отырып, нәтижелерді тіркейді.

Үлгі

Сынап (Hg) 0,04мкг/дм^3;

Сынап (Hg) 0,20мкг/дм^3.

8.2 Сынапты натрий тетрагидроборатымен қалпына келтіргеннен кейін және амальгамдаумен байытқаннан кейін анықтау

Әдіс 0,01мкг/дм^3 -ден 1мкг/дм^3 дейінгі концентрациялардағы сынаптың болуын анықтау үшін қолданылады. Өте жоғары концентрацияларды да, егер су сынамасын араластырса, анықтауға болады.

Ескертпе: Сынаманы гидролизбен алдын ала дайындау 7.1.1 тармағы бойынша жүргізіледі.

8.2.1 Өлшеуге дайындау

Өлшеу процедурасы басталар алдында аспап параметрлерін өндірушінің нұсқауларына сәйкес белгілейді және сіңіретін ұяшықты бабына келтіреді.

Егер гидролизат 7.1.1 тармағы бойынша дайындалса, тікелей өлшер алдында гидролизаттың барлық ерітіндісіне тұз қышқылы гидроксиламинінің 5см^3 ерітіндісін (немесе, қажет жағдайда көбірек) қосады.

Тұз қышқылы гидроксиламинінің 5см^3 әдетте қышқылдатқыштардың артығын қысқарту үшін және тұнған магний диоксидін еріту үшін жеткілікті. Егер ерітінді 30 минуттан кейін мөлдір болмаса, тұз қышқылы гидроксиламинінің бір үлесін тағы да қосады.

Егер талдаулар жасау үшін сынаманың аликвот бөлігі іріктелсе, сынаманың ерітіндісін бірінші белгілі бір көлемге дейін, мысалы, 200см^3 дейін жеткізеді.

Басында реакциялық құтыға 10см^3 талданатын ерітіндіге 0,5см^3 тұз қышқылын салады.

Талданатын ерітіндіні (гидролизат немесе сынаманың аликвот бөлігі) реакциялық құтыға салады да, анализаторға қосады.

Талданатын ерітіндінің 10см^3-на натрий тетрагидроборатының 2,5см^3 ерітіндісін қосады. Егер талданатын ерітіндінің көлемі 50см^3 болса, натрий тетрагидроборатының 7,5 см^3 ерітіндісін қосады.

Инертті газ ағынында (1 енгізу клапаны 2-суретте) сынапты адсорбциялайды және оны асыл металл адсорбентінен өткізеді.

Егер сынамада никель мен күміс көп болса, реактивтік құтыға тұз қышқылының 25см^3 (4.5) және темірдің буферлік ерітіндісінің (III) 0,5см^3 талданатын ерітіндінің 25см^3 қоспас бұрын салады.

Сынаманың шағын аликвот бөлшектерін пайдаланар кезінде, олардың көлемін сумен 25см^3 дейін жеткізеді.

Адсорбцияланған сынапты адсорбентті 600°С дейін тез қыздыру арқылы бөледі.

Сынап буларын ағынының жылдамдығы, мысалға алғанда, 75см^3/мин және талданатын ерітінді арқылы өтпейтін инертті газ ағынында сіңіру ұяшығына салады. Одан кейін ұшар шың биіктігін немесе, дұрысы, ұшар шың ауданын өлшейді.

Калибрлеу ерітінділерінің (5.17) және бақылау сынамасының

(518) оптикалық тығыздығын су сынамасы сияқты тәсілмен өлшейді.

8.2.2 Стандартты калибрлеу әдісі бойынша талдау

8.1.3 қараңыз.

8.2.3 Калибрлеу әдісі бойынша стандарты қоспалармен талдау

8.1.4 қараңыз.

8.2.4 Есептер

8.1.5 қараңыз.

8.2.5 Нәтижелерді өңдеу қараңыз.

8.3 Дитизоны бар сынапты фотометрикалық анықтау

8.3.1 Минералданған сынаманы дайындау

Аспапты айдау үшін жинайды. Ең көбі 2мг Hg^{2+} бар су сынамасының 10-250см^3 екі ауызды құтыға салады да, NaOH 1н ерітіндісін pH 13-14 дейін құяды. Натрий сульфидінің қанықкан ерітіндісін қосқаннан кейін сынаманы 2-3см^3 көлемге дейін қуады. Құйғы арқылы концентратталған күкірт қышқылының 10см^3 абайлап қосады және сезінетін қоспа қоңыр түске боялганша сол құйғы арқылы концентратталған азот қышқылының 5см^3 қосады. Азот қышқылдары бұрқырап бөлінуді тоқтатқаннан кейін құты ішіндегіні қайнағанша қыздырады және құтыдағы сұйықтық ашық-сары болғанға дейін қайнатады. Егер азот қышқылдарының бөлінуі минералдау аяқталғанға дейін тоқтаса, салқындағаннан кейін тағы да 1см^3 азот қышқылын қосу қажет. Минералдаудың ашық-сары өнімін 20см^3 бидистиллятпен араластырады да, калий перманганатының кристалликтерін шағын үлестермен араластыра отырып, сезінетін қоспа күлгін түске боялганша қосады. Содан кейін кері тоңазытқышпен бірге тағы да 30 минут қыздырады. Егер қыздыру процесінде ерітінді түссізденсе, тағы да калий перманганатын қосу қажет. Перманганаттың және марганецтің түзілген қос тотығының немесе гидрототығының артық мөлшерін жою үшін құты ішіндегі 60^{0}С дейін салқындағаннан кейін күкірт қышқылы гидроксиламинінің аз мөлшерін (0,5г) және қоспаны кері тоңазытқышпен тағы бір рет 3 мин қайнатады. Содан кейін минералдаудың ашық-сары немесе түссіз өнімін сыйымдылығы 100см^3 өлшегіш құтыға құяды. Нитритті алып тастау үшін ерітіндіге 1 г несепнәрді қосады да, бидистиллятпен белгіге дейін жеткізеді. Алынған сынама бұдан әрі «минералданған сынама» деп аталады.

8.3.2 Минералданған сынамаға сынақ жасау

0,02мг Hg^{2+} бар минералданған сынаманың 1-20см^3 бидистиллятты сыйымдылығы 250см^3 бөлгіш құйғыға 20см^3 дейін араластырады, күкірт қышқылы ерітіндісінің 2н 5см^3, натрий ацетаты ерітіндісінің 10см^3 1моль/дм^3, комплексон ерітіндісінің III 2см^3 0,1моль/дм^3 және күкірт қышқылы гидроксиламинінің 10%-дық ерітіндісінің 1см^3 қосады. Содан кейін

шамамен 5 мин дитизонның 20см^3 жұмыс ерітіндісімен бірге шайқайды. Фазаларды бөлгеннен кейін органикалық қабат құйғыға салынған мақта арқылы, тікелей астаушада сүзеді. Оптикалық тығыздықты таза хлороформға қатысты тоқын ұзындығы 490 нм болған кезде өлшейді. Осындай тәсілмен осындай реактивтерімен бірге минерализацияны қоса отырып, бақылау сынамасын, сынама үшін мәннен алынып тасталатын оптикалық тығыздықты өңдейді.

8.3.3 Есеп

Сынап ионының болуы Hg^{2+} (х) мг/дм^3 мына формуламен есептеледі:

$$X = \frac{c \cdot V_2 \cdot 20}{V_1 \cdot V_3}, \qquad (2)$$

мұнда с – калибрлеу қисығы бойынша табылған сынап концентрациясы Hg^{2+}, мг/дм^3;

V_1 – минералданған сынамамен алынған көлем, см^3;

V_2 – минералданған сынамамен бірге өлшегіш құтының сыйымдылығы, см^3;

V_3 –минерализациялау үшін алынған сынама көлемі, см^3.

9 Сынақтар хаттамасы

Сынақтар хаттамасы ҚР СТ ИСО/МЭК 17025 талаптарына сәйкес ресімделуге тиіс.

10 Нәтижелерді өлшеу дәлдігін бақылау

1995 жылы осы стандартта белгіленген әдістерге негізделген, зертханааралық сынақтар бағдарламасы өткізілді.

Сынамалардың типі:

Сынамалар №№ 1 және 2 ауыз су

Сынама № 3 жер беті суы

Сынама № 4 ағынды су

Сынап қосылысы ретінде 2-[(этилмеркуро)тио]-бензой қышқылы, натрий тұзы пайдаланылды.

Су сынамаларында сынаптың болуы осы стандартта белгіленген әдістер бойынша, одан басқа тәуелсіз зертханалық әдістер бойынша анықталды.

Сынап тұзынан негізгі су ерітіндісі дайындалды. Негізгі ерітіндінің тиісті үлестері су сынамаларының берілген көлемдеріне үнемі араластыра отырып қосылды. Араластыру төрт сағатқа созылды, бұл толық араласуды қамтамасыз етті.

Осылайша дайындалған жасанды сынамалар бұрап жабылатын

тғындары бар ыдыстарға1 дм^3 көлемнен пошта арқылы жіберу үшін бөліп құйылды.

Барлық пайдаланылған ыдыстар боросиликат шынидан жасалды.

2-кесте – Гидролиздің барлық әдістері бойынша жинақтық нәтижелер

Сынаманың №	L	N	NAP, %	Атаулы мән, мкг/дм^3	$\bar{x}$, мкг/ дм^3	σ_R, мкг/ дм^3	VC_R, %	σ_r, мкг/ дм^3	VC_r, %	WFR, %
1	21	72	5	0,060	0,070 5	0,0274	38,8	0,0121	17,2	117,5
2	21	72	5	0,088	0,0854	0,0247	28,9	0,0128	15,0	97,0
3	21	72	5	0,283	0,260	0,0491	18,9	0,0230	8,8	91,9
4	21	71	0	0,800	0,756	0,2162	28,6	0,0634	8,4	94,5

мұнда L – қатысатын зертханалардың жалпы саны

N – деңгейге арналған аналитикалық шамалардың мөлшері

NAP – Барлық зертханаларда жүргізілген қайта сынақтардан аналитикалық шамалардың ауытқу пайызы

$\bar{x}$ - жалпы орташа мән

σ_R - өнімділіктің стандартты ауытқуы

VC_R - өнімділіктің ауытқу коэффициенті (қатысты σ_R)

σ_r – қайталанудың стандартты ауытқуы

VC_r - қайталанудың ауытқу коэффициенті (қатысты σ_r)

WFR – калпына келу жылдамдығы

3-кесте –7.1.1 тармақшасында белгіленген гидролиз әдісі бойынша алынған нәтижелер ($KMnO_4/R_2S_2O_8$)

Сынаманың №	L	N	NAP, %	Атаулы мән, мкг/ дм^3	$\bar{x}$, мкг/ дм^3	σ_R, мкг/ дм^3	VC_R, %	σ_r, мкг/ дм^3	VC_r, %	WFR, %
1	6	24	0	0,060	0,075	0,0222	29,5	0,0112	14,9	125,0
2	6	23	0	0,088	0,099	0,0341	34,4	0,0176	17,7	112,5
3	6	22	0	0,283	0,305	0,0953	31,2	0,0368	12,1	107,8
4	6	22	0	0,800	0,695	0,2152	31,0	0,0736	10,6	86,9

Символдардың анықтамасын 2-кестеден қараңыз.

4-кесте – А қосымшасында белгіленген гидролиз әдісі бойынша алынған нәтижелер (ультрадыбыс әдісі)

Сынаманың №	L	N	NAP, %	Атаулы мән, мкг/ дм^3	$\bar{x}$, мкг/ дм^3	σ_R, мкг/ дм^3	VC_R, %	σ_r, мкг/ дм^3	VC_r, %	WFR, %
1	3	10	0	0,060	0,089	0,0351	39,4	-	-	148,3
2	3	10	0	0,088	0,114	0,0430	37,7	-	-	129,5
3	3	10	0	0,283	0,294	0,0339	11,5	-	-	103,9
4	3	10	0	0,800	0,730	0,1721	23,6	-	-	91,3

Символдардың анықтамасын 2-кестеден қараңыз.

5-кесте – В қосымшасында белгіленген гидролиз әдісі бойынша алынған нәтижелер (автоклав әдісі)

Сынаманың №	*L*	*N*	NAP, %	Атаулы мән, мкг/ дм^3	$\bar{x}$, мкг/ дм^3	σ_R, мкг/ дм^3	VC_R, %	σ_r, мкг/ дм^3	VC_r, %	WFR, %
1	4	11	0	0,060	0,0811	0,0503	73,0	-	-	135,2
2	4	11	0	0,088	0,076	0,0206	27,1	-	-	86,4
3	4	12	0	0,283	0,211	0,0315	24,4	-	-	74,6
4	4	11	0	0,800	0,777	0,3352	43,1	-	-	97,1
Символдардың анықтамасын 2-кестеден қараңыз.										

6-кесте –С қосымшасында белгіленген гидролиз әдісі бойынша алынған нәтижелер (микротолқын әдісі)

Сынаманың №	*L*	*N*	NAP, %	Атаулы мән, мкг/ дм^3	$\bar{x}$, мкг/ дм^3	σ_R, мкг/ дм^3	VC_R, %	σ_r, мкг/ дм^3	VC_r, %	WFR, %
1	8	27	0	0,060	0,0655	0,0295	45,0	0,0142	21,7	109,2
2	8	28	0	0,088	0,0810	0,0152	18,8	0,0102	12,6	92,0
3	8	28	0	0,283	0,266	0,0218	8,2	0,0108	4,1	94,0
4	7	24	0	0,800	0,809	0,1796	22,2	0,0638	7,9	101,1
Символдардың анықтамасын 2-кестеден қараңыз.										

11 Қауіпсіздік техникасы талаптары

Сынап және сынап қосылыстары өте уытты болып табылады. Құрамында сынабы бар немесе болуы мүмкін сынамалармен және ерітінділермен жұмыс істеу кезінде өте ұқыпты болу ұсынылады.

Калий бихроматы уытты. Қатты материалмен және оның ерітінділерімен жұмыс істеу кезінде сақтық шаралары қолданылады.

Қышқыл ерітінділерін дайындаумен, оларды сақтаумен байланысты барлық жұмыстарды сорғыш шкафта жасау керек. Электрқұралдарымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын, сондай-ақ отқа қауіпті және тез жанатын заттармен жұмыс істеу ережесін қатаң сақтау қажет.

А қосымшасы
(анықтамалық)

Гидролиздің ультрадыбыстық әдісі

А.1 Жалпы ережелер

Осы қосымша гидролиздің қосымша міндетті емес әдісін сипаттайды және сондықтан анықтамалық болып табылады. Осы стандартта көрсетілген әдісті пайдалану кезінде онда белгіленген барлық талаптарды толығымен сақтау керек.

А.2 Қосымша аспаптар мен жабдық

А.2.1 Температураны реттегіш бар ультрадыбыстық ванна, меншікті қуаттылығы - 240 Вт/дм^3 кем емес. Ваннаның өлшемі гидролиз ыдыстарының өлшеміне және санына сәйкес келуге тиіс.

А.2.2 Бұрап жабылатын тығындары бар боросиликат шыныдан немесе пластмассадан жасалған гидролиз ыдыстар (мысалы, полисульфон).

А.3 Гидролиз

Гидролиз ыдысын 100см^3 су сынамасына салады.

1см^3 калий перманганаты ерітіндісін, 1см^3 азот қышқылын, 1см^3 күкірт қышқылын және 2см^3 калий пероксодисульфаты ерітіндісін әрбір қосқаннан кейін жақсылап сілке отырып, абайлап қосады.

Гидролиз ыдысын тығыздап жабады және 30 минут температурасы 50°С ультрадыбыс ваннасына салады.

Ерітіндіні бөлме температурасына дейін салқындатуға қалдырады.

Сынамалардың басқа көлемдерін және сәйкестігімен, реактивтердің басқа көлемдерін пайдалану кезінде, гидролизаттарды берілген көлемге дейін араластыру керек.

Дайындағаннан кейін сынамаға талдау жасайды.

Осындай тәсілмен су сынамасының орнына тұрақтандырғыш ерітінді қосылған судың тиісті көлемін қолдана отырып, бақылау сынамасын дайындап, талдайды.

В қосымшасы
(анықтамалық)

Гидролиздің автоклав әдісі

В.1 Жалпы ережелер

Осы қосымшада гидролиздің қосымша міндетті емес әдісін сипатталған, сондықтан анықтамалық болып табылады. Осы стандартта көрсетілген әдісті пайдалану кезінде онда белгіленген барлық талаптарды толығымен сақтау керек.

В.2 Қосымша аспаптар мен жабдық

В.2.1 Гидролиз ыдыстары, сыйымдылығы 100 $см^3$, түссіз боросиликат шыныдан жасалған, бұрап жабылатын полипропилен тығындары немесе басқа сәйкесті қақпақтары бар. Ыдыстар мен қақпақтар 120°С температураға және 200кПа қысымға шыдауға тиіс.

В.3 Гидролиз

Гидролиз ыдысын 40$см^3$ су сынамасына салады.

10$см^3$ азот қышқылын қосады.

Гидролиз ыдысын тығыздап жабады да, автоклавқа салады.

Автоклавты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты сақтай отырып, 30 минут 120° дейін қыздырады.

Бөлме температурасына дейін салқындатады, ерімеген заттарды тұндырады және талдау үшін мөлдір сұйықтықты пайдаланады. Гидролизден кейін, 0,45 мкм мембраналық сүзгіден сынаманы сүзу немесе оны үйіркілеу қажет болуы мүмкін.

Сынамалардың басқа көлемдерін және сәйкестігімен, реактивтердің басқа көлемдерін пайдалану кезінде, гидролизаттарды берілген көлемге дейін араластыру керек.

Дайындағаннан кейін сынамаға талдау жасайды.

Осындай тәсілмен су сынамасының орнына тұрақтандырғыш ерітінді қосылған судың тиісті көлемін қолдана отырып, бақылау сынамасын дайындап, талдайды.

С қосымша
(анықтамалық)

Микротолқынды гидролиз әдісі

С.1 Жалпы ережелер

Осы қосымшада гидролиздің қосымша міндетті емес әдісін сипатталған, сондықтан анықтамалық болып табылады. Осы стандартта көрсетілген әдісті пайдалану кезінде онда белгіленген барлық талаптарды толығымен сақтау керек.

С.2 Қосымша аспаптар мен жабдық

С.2.1 Бағдарлама берілген қуаттылығы бар микротолқынды пеш.

Микротолқынды пеш жемірілуге төзімді болуға, барлық бөлінетін улы булар кетуі үшін сорғыш шкаф ішінде тұруға тиіс.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты сақтау керек.

С.2.2 Сыйымдылығы 100см^3, жалпы көлемі шамамен 140см^3, политетрафторэтиленнен (PTFE) немесе перфторалкоксиядан (PFA) жасалған, шамамен 1000 кПа қысымға шыдайтын шығыңқы клапаны бар пластик гидролиз ыдыстары.

С.3 Процедура

Гидролиз ыдысына 50 см^3 су сынамасын салады.

Азот қышқылының 8 см^3 және тұз қышқылының 24 см^3 қосады.

Араластырады да, кемі 5 минут тұндырады.

Ыдысты тығыздап жабады да, микротолқынды пешке орналастырады.

Пешті пайдалану жөніндегі нұсқаулықты сақтай отырып, қыздырады.

Ыдысты пештің ішінен алып шығады да, бөлме температурасына дейін суытады.

Сынамалардың басқа көлемдерін және сәйкестігімен, реактивтердің басқа көлемдерін пайдалану кезінде, гидролизаттарды берілген көлемге дейін араластыру керек.

Дайындағаннан кейін сынамаға талдау жасайды.

Осындай тәсілмен су сынамасының орнына тұрақтандырғыш ерітінді қосылған судың тиісті көлемін қолдана отырып, бақылау сынамасын дайындап, талдайды.

Қосымша
(анықтамалық)

Библиография

[1] В.Р. Хэтч және В.Л. Отт: Сынапты субмикрограмм мөлшерлерімен атомдық-абсорбциялық спектроскопия әдісімен анықтау. Anal. Chem., 40, 2085 (1968).

[2] Б. Вельц және М. Шперлинг: *Atomabsorptionsspektrometrie,* 4-басылым, Wiley-VCH, Вайнхайм (1997).

[3] Б. Вельц және М. ШУБЕРТ-ЯКОБС: Құрамындағы натрий тетрагидрокарбонатын азайтып және алтында жинап атомдық-абсорбциялық спектроскопия әдісімен суық булар сынабын анықтау. *Fresenius Z. Anal. Chem.,* 331, 324 (1988).

ӘОЖ 613.13/.34 **МСЖ 13.060.50**

Түйінді сөздер: су сапасы, сынаптың болуын анықтау, интерференция, амальгамдау

Ескертулер үшін

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Качество воды
Определение содержания ртути
Методы, включающие обогащение амальгамированием

СТ РК ИСО 16590 – 2007

(ISO 16590 - 2000 « Water quality — Determination of mercury — Methods involving enrichment by amalgamation, IDT)

Издание официальное

Комитет по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 17 августа 2007 г. № 470

3 Настоящий стандарт является идентичным по отношению к ИСО 16590 – 2000 «Качество воды. Определение содержания ртути. Методы, включающие обогащение амальгамированием» с дополнительными требованиями, которые в тексте выделены курсивом.

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2012 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Сущность метода	2
4	Реактивы и материалы	3
5	Оборудование	4
6	Приготовление реактивов	6
7	Мешающие влияния	10
8	Проведение испытаний.	12
8	Протокол испытаний	18
10	Контроль погрешности	18
11	Требования техники безопасности	20
	Приложение А. Ультразвуковой метод гидролиза	21
	Приложение В. Автоклавный метод гидролиза	22
	Приложение С. Микроволновый гидролизный метод	23
	Приложение. Библиография	24

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Качество воды
Определение содержания ртути
Методы, включающие обогащение амальгамированием

Water quality — Determination of mercury — Methods involving enrichment by amalgamation

Дата введения 2008.07.01

1 Область применения

Настоящий стандарт устанавливает методы определения содержания общей ртути в подземных, поверхностных и сточных водах.

2 Нормативные ссылки

В настоящем стандарте использованы ссылки на следующие стандарты:

СТ РК ИСО/МЭК 17025-2001 Общие требования к компетентности испытательных калибровочных лабораторий.

СТ РК ГОСТ Р 51592- 2003 Вода. Общие требования к отбору проб.

